



Автор: Бегенова Гуля Космановна

Пән: Математика

Сынып: 2-сынып

Бөлім: Геометриялық фигуралар және олардың өзара орналасуы

Тақырып: Фигуралар тізбегі. Таңертеңгілік жаттығу.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	2.4.3.2. Берілген заңдылық бойынша тізбекті құрастыру, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табу.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: фигуралардың немесе сандардың тізбегін берілген үлгі бойынша құра алады. Оқушылар басым бөлігі: берілген заңдылық бойынша тізбекті құру, тізбектегі заңдылықтың бұзылуын табуды және оны жоюды біледі. Кейбір оқушылар: сандардың, заттардың, фигуралардың және т.б. тізбектерін өздігінен құра алады.
Тілдік мақсаттар:	• Тізбек- цепочка -chain • заңдылықтың бұзылуы • фигуралар • сандар • заттар
Бағалау критерийлері:	Оқушы өз біліктерінің мақсатқа сай екенін салыстырады, осы сабақта оқушы: -тізбектің қалай құрылғанын түсіндіреді; -тізбектерде неліктен заңдылық бұзылатынын анықтайды.
Құндылықтарды дарыту:	Ынтымақтастық, ой қозғау
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	Дене шынықтыру
Бастапқы білім:	Бұрыштар мен фигураларды салу

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (5 мин)	Жағымды ахуал қалыптастыру: -Сәлеметсіңдер ме ,балалар! Орындарыңа отырып, сабаққа дайындықтарыңды тексеріңдер. Сендерге дайындаған жұмбағым бар. Таңертең оянып, Оңға, солға иіліп, Денемізді қозғалтып, Бойымызды сергітіп -Үнемі жасап тұрамыз. Бұл не? (Таңғы жаттығулар) Видеобейне арқылы қызықты жаттығу орындайды. -Жауабын дұрыс таптыңдар. Бүгінгі сабаққа біз адам денсаулығына пайдалы нәрселерді талқылауды жалғастырамыз. -Таңғы жаттығуды не үшін жасаймыз? -Таңғы жаттығуға уақыт бөлсеңдер, бір күн бойы шаршамай, бойларына күш жинайсыңдар. Сондықтан көбірек еңбектенуге мүмкіндік аласыңдар. -Ал жаттығулардың көмекші құралдары қандай? (доп,секіртпе) -Доптың пішіні қандай? (дөңгелек) -Тағы қандай пішіндер білесіңдер? (жұпқа бөлу) 1 жұп: «Дөңгелек» 2 жұп: «Үшбұрыш» - Жұпта жұмыс жасау ережелерін естен шығармаңдар. Жұп ережесі: -Бір-бірін сыйлау; -Дұрыс әрі нақты жауап беру; -Бір-бірін мұқият тыңдау; -Шуламау; -Батыл болу.	бейнежазба
----------------------------------	--	-------------------

Сабақтың ортасы (25 мин)	1 тапсырма Тақтаға дөңгелектер қойылған. Оқушылардың алдында түрлі-түсті шеңберлердің жинағы қойылған. -Тақтада не көріп тұрсыңдар? -Енді қандай шеңберді қою керектігін айта аласыңдар ма? -Неліктен екенін түсіндіріңдер. -Тағы да үш шеңбер қойыңдар. -Оларды қай түстен және қандай ретпен орналастырасыңдар? -Тізбектеп, қызыл түспен бастап орналастырамыз. Оны қалай атаймыз.(Заңдылық-бұл сандар немесе фигуралардың белгілібір тәртіппен орналасуы) -Бүгінгі сабақтың мақсаты қандай? Оқушылар сабақтың мақсатын тұжырымдайды: фигуралар, сандар, заттар және т.б. тізбектер құрастыру және шешуге үйрену. Үштілдік: тізбек - цепочка - chain -1 тапсырманың суретіне қараңдар. Не көріп тұрсыңдар? -Адамдар жаттығу жасап жатыр. -Олар белгілі бір ретпен орналасқан ба? -Қатарды қандай ретпен жалғастыру керектігін түсіндіре аласыңдар ма? (3,1,2,4). Қай жұп бірінші аяқтайды, қолдарыңды біріктіріңдер. 5e45b1c6eb293.png Image not found or type unknown Бағалау: «Бас бармақ» әдісі арқылы. 5e45b1f82ad40.png Image not found or type unknown 2-тапсырма. Тиісті фигуралармен заңдылықты сақтай отыра , кестені толтырады. Кестеге қараңдар -Оның қалай құрылғанын түсіндіре аласыңдар ма? -Қандай фигуралар қолданылған? Қандай түстер? -Жұппен «сиқырлы шаршы» құрып көріндер. Аяқтаған жұп қолдарын біріктіреді. Дескриптор: -фигуралар тізбегін анықтай алады. -фигуралар тізбегін жалғастырады. -заңдылық қалай сақталғанын түсіндіреді Мұғалім тарапынан бағалау: 5e45b33b4b77d.png Image not found or type unknown 3-тапсырма. Оқушылар тізбекті жалғастырып, өз нұсқаларын ұсынады. 1 –жұп «Дөңгелек» : Фигуралар тізбегін жалғастырыңдар. Өз тізбектеріңді құрастырыңдар. 2- жұп «Үшбұрыш»: Өз тізбектеріңді жасап, қате жіберіңдер. Келесі жұп бұзылуын тауып анықтайды. Дескриптор: -фигуралар тізбегін жалғастырып, өз тізбектерін құрастырды. -сандардың ретін анықтап, тізбектерді ойластырды. -жіберілген қатені тауып, анықтады. Өзара бағалау: «Сигнал карточкалары» әдісі арқылы. Сергіту сәті Бейнежазба «Жаттығу жасайық» 5e45b7b42ea9b.png Image not found or type unknown	Қима фигуралар. Құрастырмалы жинақ, үлестірмелі материал Сөздер тақтасы Оқулық 14-15 бет Дәптермен жұмыс Жинақ. Үлестірмелі материал Құрамында үш шаршы (қызыл ,көк, жасыл), үш шеңбер (қызыл, көк, жасыл), Үш үшбұрыш (қызыл, көк, жасыл) бар фигуралар жинағы және кестенің дайындамасы таратылады Оқулықпен жұмыс Доп
-------------------------------------	--	---

Сабақтың соңы (3 мин)	Өткенді қолдану. -Бүгінгі сабақта таңғы жаттығу туралы әңгіме жүргіздік. Енді осы тақырыпқа есеп шығарып көрейік. 4-тапсырма. «Айналмалы Бекет» әдісі арқылы есептер шығарады. 1 жұп «Дөңгелек»: спортзалда таңғы жаттығуға 14 ұл, олардан 7-еуі артық қыз сапқа тұрғызылды. Барлығы неше бала сапқа тұрғызылды? 2 жұп «Үшбұрыш» спортзалда таңғы жаттығуға барлығы 21 бала сапқа тұрғызылды. Оның 14-і ұл бала. Сапқа неше қыз бала тұрғызылды? Бағалау: «Шапалақ» әдісі арқылы. 5e45b42755e87.png Image not found or type unknown 5-тапсырма. «Еркін микрофон» әдісі арқылы оқушылардың материалды меңгеру деңгейін анықтау: -Балалар, бүгін не туралы әңгімелестік? -Таңғы жаттығу не үшін қажет? -Бүгінгі сабақ қай сабақпен байланысты болды? -Фигуралармен қандай жұмыс атқардық? -Тізбекті қалай құрамыз? -Заңдылық деген не? -Қандай фигуралар заңдылықты бұзады?(тізбекті) -Заңдылық бұзылғанды қалай түзетуге болады? Мұғалім тарапынан бағалау: смайликтер арқылы бағалаймын. 5e45b4d8a4ce4.png Image not found or type unknown Үй жұмысы: -«Мен және спорт» тақырыбында сурет салу және көрме ұйымдастыру.	Оқулықпен жұмыс
Рефлексия	Рефлексия: «жетістік сатысы») 5e45b85f68e13.png Image not found or type unknown -Сендер сабақта қандай жаңалық аштыңдар? -Нені үйрендіңдер? -Бұл білімдеріңді өмірде қалай қолдануға болады? -Өз жұмыстарыңды бағалау баспалдағының көмегімен бағалаңдар. Магнитті күлдіргілерді жабыстыру	Кері байланыс "Жетістік сатысы"